

## **ҚР валюталық заңнамасын сақтауға бағытталған процедуралар бойынша ІЭҚ қатысушылары үшін ескертпе**

### **1. Келісімшарттың есеп нөмірін алу**

Келісімшартты жасау күні жеткізілетін тауардың **баламалы бағасы он бес мың АҚШ долларынан асатын** келісімшарттың есептік нөмірі келесі жағдайларда әр келісімшартқа жекелей **тағайындалады**:

1) экспорт немесе импорт үшін Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы тауарлар өткен жағдайда, оның ішінде жұмыс атқару, қызмет көрсету келісімшарты аясында немесе бір жылдан астам мерзімге лизинг мәмілесі бойынша;

2) кедендік процедуралардың экспорттық кедендік процедурасына өзгерген жағдайда немесе тауарларға меншік құқығы резиденттен бейрезидентке немесе бейрезиденттен резидентке өтуімен байланысты, ертеректе өзге кедендік процедураға орналастырылған тауарларға қатысты ішкі тұтыну үшін шығарылған жағдайда;

3) келісімшарттың есептік тіркеуші банкі болып табылмайтын уәкілетті банкке келісімшартты қызмет көрсетуге өткен жағдайда, оның ішінде келісімшарттың есептік тіркеуші банкінің банктік немесе өзге операцияларды жүргізу лицензиясы тоқтатылған немесе одан айырылған жағдайда және мәмілені есептік тіркеуден шешуге негіз болмаған жағдайда;

4) ҚР экспорттық-импорттық валюталық бақылау Ережесінің 38 тармағында белгіленген жағдайларда.

Келісімшарт:

1) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары экспорттаушының немесе импорттаушының уәкілетті банктегі банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын келісімшарттар бойынша - экспорттаушының немесе импорттаушының банктік шотына қызмет көрсететін уәкілетті банкте;

2) төлемдер және (немесе) ақша аударымдары экспорттаушының немесе импорттаушының ҚР «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Заңының 12 бабының 2 тармағының 4) тармақшасында көзделген шетел банкіндегі банктік шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын келісімшарттар бойынша - экспорттаушының немесе импорттаушының орналасқан орны бойынша Ұлттық Банк филиалында;

3) олар бойынша уәкілетті банк экспорттаушы немесе импорттаушы болып табылатын келісімшарттар бойынша - уәкілетті банкте есептік **тіркелуі тиіс**.

Келісімшарт бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүргізілгенге дейін және (немесе) экспорт немесе импорт үшін **Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы келісімшарт бойынша тауарлар өткенге дейін** экспорттаушы немесе импорттаушы келісімшарттың есептік нөмірін **алады**.

### **2. ІЭҚ қатысушының тауарға декларация тапсыруы**

Тауарға декларация тапсыру кезінде экспорттаушы немесе импорттаушы үшін тауар декларациясында келісімшарттың есептік нөмірі көрсету талабы сақталады.

Кеден органдарында тіркелген тауар декларациялары туралы дәйекті ақпаратты Ұлттық Банкке және уәкілетті банктерге тапсыру мақсатында кеден органдары валюталық бақылау мақсаттары үшін қажетті ТД-дағы мәліметтерге өтініш беру ережесінің сақталуына тексеріс жүргізеді (**ТД 9 графасы «Қаржылық реттеу үшін жауапты тұлға», ТД 22 графасы «Валюта және шот бойынша жалпы сома», ТД 24 графасы «Мәміле сипаты», ТД 42 графасы «Тауар бағасы», ТД 44 графасы «Қосымша ақпарат/Ұсынылған құжаттар»**).

### **3. ІЭҚ қатысушыларының ҚР валюталық заңнамасы бойынша бұзушылықтары үшін жауапкершілігі**

ІЭҚ қатысушыларының ҚР валюталық заңнамасы бойынша бұзушылықтары үшін жауапкершілігі ҚР «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінің 243 және 251 баптарымен және ҚР Қылмыстық кодексінің 235 бабымен көзделген:

Баптар	Бұзушылық түрі	Жаза түрі
ӘҚТК 243 бабының 6 тармағы	Ұлттық валюта мен шетел валютасын репатриациялау мерзімдеріне және (немесе) шарттарына әсерін тигізетін мән-жайлардың туындағанын растайтын ақпарат пен құжаттарды уақтылы бермеу	ескерту жасауға әкеп соғады
ӘҚТК 243 бабының 7 тармағы	ӘҚТК 243 бабының алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет	шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады
ӘҚТК 243 бабының 8 тармағы	Ұлттық валюта мен шетел валютасын репатриациялау мерзімдеріне және (немесе) шарттарына әсерін тигізетін мән-жайлардың туындағанын растайтын ақпарат пен құжаттарды бермеу	шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
ӘҚТК 251 бабы	<p>Уәкілетті банктердегі банк шоттарына ұлттық валюта мен шетел валютасын:</p> <p>1) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) экспортынан түсетін ұлттық валюта мен шетел валютасындағы түсімдерді;</p> <p>2) резиденттің тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) импорты үшін резидент еместің пайдасына аударған, резидент еместің тауарларды жеткізу (жұмыстарды жүзеге асыру, қызметтер көрсету) бойынша міндеттемелерді орындамауына немесе толық орындамауына байланысты қайтарылуға жататын ұлттық валюта мен шетел валютасын есепке жатқызыбау түрінде жасалған, ұлттық валюта мен шетел валютасын репатриациялау талабын орындамау</p>	<p>шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, орта кәсіпкерлік субъектілеріне, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға есепке жатқызылмаған ұлттық валюта мен шетел валютасы сомасының жиырма пайызы, бірақ екі мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.</p> <p><i>Ескертпе.</i> Осы бапта көзделген құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылық репатриациялау мерзімі өткеннен кейін есепке жатқызылмаған ұлттық валюта мен шетел валютасының сомасы елу мың АҚШ долларына баламалы сомадан асып түскен және егер осы әрекеттерде (әрекетсіздікте) <b>қылмыстық жазаланатын іс-әрекет</b> белгілері болмаған жағдайларда басталады.</p> <p><i>Дара кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалар осы бапта көзделген жауаптылықта болмайды.</i></p>
ҚР ҚК 235 бабы	<p>Ұйым басшысының немесе дара кәсіпкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының уәкілетті банкіндегі шоттарға міндетті түрде аударылуға жататын ірі мөлшердегі ұлттық және шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармауы</p> <p><i>Ескертпе: ірі залал және ірі мөлшер - ұлттық және шетел валютасында қайтарылмаған қаражаттың он бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомасы.</i></p>	<p>бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады</p>